

## Мұғалжар ауданы Құмжарған ауылдық округі Бірлік ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмжарған ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 15 тамыздағы № 8 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 тамызда № 5038 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмжарған ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 19 қазандағы № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмжарған ауылдық округі әкімінің 19.10.2017 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 29 шілдедегі №11-26/131 ұсынысының негізінде, Құмжарған ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі мүйізді қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Мұғалжар ауданы Құмжарған ауылдық округінің Бірлік ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Құмжарған ауылдық округінің әкімі:*

*Р. Үргенішбаев*